

**«ӘЛЕМДІ БАРНИМЕН БІРГЕ ТАНЫ»  
ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ  
(ӘРІ ҚАРАЙ – ЕРЕЖЕЛЕР)**

**1. «ӘЛЕМДІ БАРНИМЕН БІРГЕ ТАНЫ» ЖАРНАМАЛЫҚ АКЦИЯСЫ** (әрі қарай – Акция) қызығушылықты тудыру және қолдау, «БАРНИ» тауар белгісіндегі өнімнің жақсы беделін және оған деген тұтынушылық сұранысты қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ осы өнімнің сатылу көлемін арттыру мақсатында белгісіз тұлғалардың ортасында өткізіледі. Акция лотерея, құмар ойыны болып табылмайды, қатысу үшін Қатысушыдан төлем жасау талап етілмейді.

**2. ТАПСЫРЫС БЕРУШІ, ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ, АКЦИЯНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

2.1. Жарнамалық акцияның тапсырыс берушісі: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға «Мон’дэлис Қазақстан» ЖШС, БСН 080240015871, орналасқан мекенжайы: А05В8У6, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Төле би к-сі, 101, «Далич» БО, 5-ші қабат (әрі қарай – «Тапсырыс беруші»).

2.2. Жарнамалық акцияның ұйымдастырушысы: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға «Urban Media» (Урбан Медиа) ЖШС, БСН 050840004119, орналасқан мекенжайы: А05F8Y4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 17-үй, 303-кеңсе (әрі қарай – «Ұйымдастырушы»), Тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша әрекет етеді.

2.3. Жарнамалық акцияның техникалық серіктесі: «Лиднайн» ЖШҚ, Украина, 03118, Киев қ., Краматорская к-сі, 40-А.

**3. АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ**

3.1. **Акцияны өткізу мерзімі:** 2020 жылғы 27 тамыз – 2020 жылғы 27 қыркүйек (соңғы күнді қоса алғанда).

3.1.1. **Бірегей кодтарды тіркеу кезені:** 2020 жылғы 27 тамызда сағат 00:01 – 2020 жылғы 27 қыркүйекте (соңғы күнді қоса алғанда) сағат 23:59 аралығында.

3.2. Акция Жеңімпаздарына Жұлделерді беру мерзімі: 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін. Соңғы күнді қоса алғанда.

3.3. Осы Ережелерде көрсетілген барлық мерзімдер Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ. уақытымен есептеледі.

**4. АУМАҚ, ПРОМО-САЙТ ЖӘНЕ ХАБАРЛАУ ТӘРТІБІ**

4.1. Акция Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында (әрі қарай – «ҚР») «Magnum Cash & Carry» бөлшек-сауда желілерінің дүкендерінде өткізіледі;

4.2. Қатысушыларға Акцияға қатысу тәртібі, Акция шарттары (соның ішінде оларды өзгерту, толықтыру туралы), Акция ережелері туралы ақпарат беру келесідей жүзеге асырылады:

1) Акцияның [www.barni-promo.kz](http://www.barni-promo.kz) ресми интернет-парақшасында (әрі қарай – Сайт);

2) «Magnum Cash & Carry» бөлшек-сауда желісінің [magnum.kz](http://magnum.kz) ресми интернет-парақшасында;

3) 8-800-070-03-15 ақпараттық «қауырт желі» телефонының нөмірі бойынша (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)

4) Акция бойынша сұрақтарға арналған электрондық пошта: [mdlz.consumer@mdlz.com](mailto:mdlz.consumer@mdlz.com) .

4.3. Ақпараттық «қауырт желі» соңғы күнді қоса алғанда дүйсенбі-жұма, күнде сағат 12:00-21:00 аралығында жұмыс істейді.

Ақпараттық «қауырт желі» жұмысының тәртібі Тапсырыс берушінің қарауына қарай кез келген уақытта операторлардың жұмыс режимінен автохабарлаушы жұмыс режиміне ауыстырылуы мүмкін.

4.4. Ұйымдастырушы және (немесе) Тапсырыс беруші кез келген уақытта Акция шарттарын өзгертуге, оның өткізілуін мерзімінен бұрын тоқтатуға, Акция туралы қосымша ақпарат жариялауға құқылы. Акция мен оның ережелері бойынша жаңартылған (қосымша) ақпарат Тапсырыс беруші осындай өзгертулерді (жаңартуларды) бекіткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сайтта және «Magnum Cash & Carry» бөлшек сауда желісінің ресми интернет-парақшасында орналастырылуы тиіс.

4.5. Осы Ережелерде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған және даулы жағдайлар туындаған кездегі жағдайларды қоспағанда, Акция Қатысушыларымен жазбаша келіссөздер жасамау немесе қандай да бір байланыс орнатпау құқығын Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы мен Техникалық серіктес өздеріне қалдырады.

## 5. АКЦИЯЛЫҚ ӨНІМ

5.1. Акция «БАРНИ» (әрі қарай – «Акциялық өнім») сауда таңбасының төменде аталған өнімдеріне қатысты өткізіледі:

№	Атауы және салмағы
1	Бананды Барни бисквиті, 150 г
2	Шоколад және жаңғақ Барни бисквиті, 150 г
3	Құлпынай және ваниль Барни бисквиті, 150 г
4	Шоколадты Барни бисквиті Қара шоколад бөліктері қосылған салмалы Фан Сэндвич, 180 г
5	Шоколадты Барни бисквиті Какао қосылған және қара шоколад бөліктері қосылған салмалы Фан Сэндвич, 180 г
6	Шоколадты Барни бисквиті, 150 г
7	Сүтті Барни бисквиті, 150 г
8	Өрік қосылған Барни бисквиті, 150 г

5.2. Акциялық өнім Ережелердің 3.1-т. көрсетілген мерзімде, «Magnum Cash & Carry» бөлшек-сауда желісінің кез келген дүкендерінде Қатысушымен сатып алынған болуы тиіс.

## 6. АКЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

6.1. Акцияға кәметке толған әрекет етуге қабілетті тұлғалар: Қазақстан Республикасының азаматтары; ҚР тұруға ықтиярхаты бар және Қазақстан аумағында тұрақты тұратын шетел азаматтары (әрі қарай – «Қатысушы») қатыса алады.

6.2. Келесі тұлғалар Акцияға қатыстырылмайды:

- Тапсырыс берушінің және (немесе) Ұйымдастырушының, Техникалық серіктестердің қызметкерлері;
- Ұйымдастырушымен және (немесе) Тапсырыс берушімен үлестес деп танылған тұлғалар;
- Ұйымдастырушымен және (немесе) Тапсырыс берушімен азаматтық-құқықтық және өзге қарым-қатынастағы және Акцияны ұйымдастыруға және (немесе) өткізуге, Тапсырыс берушінің өнімін сатуға байланысы бар үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері;
- жоғарыда аталған тұлғалардың жақын туыстары;
- азаматтығы жоқ тұлғалар мен ҚР ықтияр хаты жоқ өзге мемлекет азаматтары.

6.3. Осы Ережелердің 6.1., 6.2-тармақтарының және басқа бөлімдерінің талаптарына сәйкес келмейтін азаматтардың Акцияға қатысу фактісі анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы мұндай тұлғаларды Акцияға қатыстырудан және (немесе) оларға жүлделерді беруден бас тартуға құқылы.

## 7. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

7.1. Акцияға қатысу үшін Акцияның өткізілу мерзімінде:

- 1) «Magnum Cash & Carry» бөлшек-сауда желісінің кез келген дүкенінде Акциялық өнімді сатып алу керек
  - 2) «Magnum Cash & Carry» бөлшек-сауда желісінің кассирінен Бірегей 12-таңбалы коды (мәтін бойынша әрі қарай – Код) бар фискалды чекті (әрі қарай – чек) алу қажет;
  - 3) Сайтта сұратылатын ақпаратты тіркеу нысанының сәйкес жолдарына енгізу арқылы [www.barni-promo.kz](http://www.barni-promo.kz) сайтына тіркелу керек;
- Сайтқа сәтті тіркелген жағдайда Акцияға сәтті тіркелу туралы қалқыма хабарлама көрсетіледі.

Сайтта жолдарды қате толтырған жағдайда ақпарат қате енгізілгені туралы қалқыма хабарлама көрсетіледі. Бұл жағдайда Қатысушы ақпаратты дұрыс енгізіп, «Жіберу» батырмасын қайтадан басу қажет.

Сайтта Қатысушының сәтті тіркелу жайты оның осы Ережелердің шарттарымен келіскендігін растайды. Қатысушылардың Ақцияның ресми Ережелерін білмеуі оны орындамағандары үшін жауапкершіліктен босатпайды;

4) Әрі қарай Сайтта, Қатысушының жеке кабинетінде Бірегей кодты тіркеу керек.

7.2. Ақциялық өнімді сатып алғанын растайтын және Бірегей коды бар чектің түпнұсқасын 2020 жылғы соңғы күнді қоса алғанда 31 желтоқсанға дейін сақтау қажет.

Ақцияның өткізілу мерзіміне сәйкес келмейтін Ақциялық өнімді сатып алу күні көрсетілген чектер Ақцияға қатысуға қабылданбайды.

Ақциялық өнімге нұсқауы, Бірегей коды жоқ чектер, бақылау-касса машиналары чектерінің нысаны мен мазмұнына қойылатын ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін чектер Ақцияға қатысуға қабылданбайды.

7.3. Бірегей кодты Ақцияға Қатысушы тек бір (бір) рет қана тіркей алады, сол Кодты бір немесе басқа ұялы телефон нөмірлерінен қайта тіркеуге тыйым салынады.

Ақцияны өткізу мерзімінде әрбір Қатысушы Бірегей кодтардың шектеусіз санын тіркей алады.

7.4. Жеке кабинетте тіркелген әрбір Код үшін Қатысушы Сайтта сыйақы алады – Барни аюымен бірге әлемнің 6 континентінің бірін (Аустралия, Азия, Африка, Еуропа, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка) виртуалды түрде зерттеуге мүмкіндік алады.

## 8. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

8.1. Ақцияның жүлде қоры Тапсырыс берушінің ақшалай қаражатының есебінен құралады және келесі жүлделерден тұрады:

- **Кепілді жүлде – «Барни» рюкзагы**

Кепілді Жүлделердің жалпы саны шектеулі және 250 (екі жүз елу) дананы құрайды.

- **Апта сайынғы жүлде – Пенал**

Апта сайынғы жүлделердің жалпы саны 200 (екі жүз) дана.

- **Бас жүлде – iPad Mini**

Бас жүлделердің жалпы саны – 1 (бір) дана.

8.2. Тапсырыс беруші Ақцияның Жүлде қорын өзгерту, соның ішінде жүлделердің санын, жиынтығын, түрін және өзге де сипаттамаларын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

8.3. Ақция жүлделерінің сыртқы түрі, олардың мөлшері, суреті, қаптама түсі және басқа да сипаттамалары жарнамалық материалдарда ұсынылған суреттермен және Қатысушылардың жеке үміттерімен сәйкес келмеуі мүмкін. Ақция Жүлделері ретінде ұсынылатын тауарлардың сапасына сол тауарлардың өндірушісі жауап береді.

## 9. АКЦИЯНЫҢ АПТА САЙЫНҒЫ ЖӘНЕ БАС ЖҮЛДЕСІНІҢ ҰТЫС ОЙЫНЫ

### 9.1. АКЦИЯНЫҢ АПТА САЙЫНҒЫ ЖҮЛДЕСІНІҢ ҰТЫС ОЙЫНЫ

Ақцияның апта сайынғы жүлдесінің ұтыс ойындарын Ұйымдастырушы [random.org](https://www.random.org) (әрі қарай – бағдарлама) компьютерлік бағдарламасының көмегімен кездейсоқ іріктеу әдісімен өткізеді:

- **2020 жылғы 1 қыркүйекте** – соңғы күнді қоса 2020 жылғы 27 тамыз – 2020 жылғы 30 тамыз аралығында тіркелген Бірегей кодтар арасынан;
- **2020 жылғы 8 қыркүйекте** – соңғы күнді қоса 2020 жылғы 31 тамыз – 2020 жылғы 6 қыркүйек аралығында тіркелген Бірегей кодтар арасынан;
- **2020 жылғы 15 қыркүйекте** – соңғы күнді қоса 2020 жылғы 7 қыркүйек – 2020 жылғы 13 қыркүйек аралығында тіркелген Бірегей кодтар арасынан;
- **2020 жылғы 22 қыркүйек** – соңғы күнді қоса 2020 жылғы 14 қыркүйек – 2020 жылғы 20 қыркүйек аралығында тіркелген Бірегей кодтар арасынан;
- **2020 жылғы 29 қыркүйек** - 2020 жылғы 21 қыркүйек - соңғы күнді қоса алғанда 2020 жылғы 27 қыркүйек аралығында тіркелген Бірегей кодтар арасынан;

9.1.2. Апта сайынғы жүлденің әрбір Ұтыс ойынында 40 (қырық) Жеңімпаз және Апта сайынғы жүлдені алуға 10 (он) қосымша үміткер анықталады.

9.1.3. Акцияның бір Қатысушысы Акцияны өткізудің барлық Мерзімінде 3 (үш) Апта сайынғы жүлдеден артық ала алмайды.

## **9.2. АКЦИЯНЫҢ БАС ЖҮЛДЕСІНІҢ ҰТЫС ОЙЫНЫ**

Акцияның бас жүлдесінің ұтыс ойыны 2020 жылдың 6 қазанында Акцияны өткізу Мерзімінде Бірегей кодты тіркеген және осы Ережелердің барлық шарттары мен талаптарына сәйкес келетін барлық қатысушылардың арасында өтеді.

random.org. компьютерлік бағдарламасының көмегімен кездейсоқ таңдау әдісімен Бас жүлденің 1 (бір) Жеңімпазы және Бас жүлдені алуға қосымша 10 (он) үміткер анықталатын болады.

9.3. Ұйымдастырушы Акция Ұтыс ойынын өткізу күндерін Ұйымдастырушыға байланысты емес жағдайлар (мыс., елде төтенше жағдай режимін, ұлттық аза тұту күндерін, шектеу шараларын жариялау) басталған кезде және (немесе) Акция Тапсырыс берушісінің шешімі бойынша түзете алады.

9.4. Барлық талаптарды орындамаған және (немесе) осы Ережелердің талаптарын дұрыс орындамаған Акция Қатысушылары Акция жүлдесінің Ұтыс ойындарына қатысуға жіберілмейді.

9.5. Апта сайынғы жүлде Ұтыс ойыны жеңімпаздарының есімдері апта сайынғы жүлденің тиісті Ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сайтта жариялануы тиіс.

Акция жеңімпаздарының толық тізімі 10.10.2020 кешіктірілмей Сайтта орналастырылатын болады.

## **10. АКЦИЯ ЖҮЛДЕЛЕРІН АЛУ ТӘРТІБІ**

### **10.1. АКЦИЯНЫҢ КЕПІЛДІ ЖҮЛДЕСІН АЛУ**

1. Сайтта 6 (алты) Бірегей кодты тіркеген Акция Қатысушысы «Барни рюкзагы» 1 (бір) Кепілді жүлдесін алады.

Акцияның Қатысушысы Акцияны өткізудің барлық Мерзімінде 2 (екі) Кепілді жүлдеден артық ала алмайды.

2. Қатысушы 6 (алтыншы) Бірегей кодты Жеке кабинетте тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушы Қатысушы кепілді жүлдені алу үшін қажетті ақпаратты анықтау үшін Сайтта тіркелген Қатысушының телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы осындай Қатысушымен хабарласады.

3. Кепілді жүлдені алу үшін Қатысушы Ұйымдастырушының хабарламасын алған сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей (Ереженің 10.1-т. 2 т.) келесі ақпаратты Ұйымдастырушыға [barni.promo2020.KZ@gmail.com](mailto:barni.promo2020.KZ@gmail.com) электрондық адресіне ұсынуы қажет:

- Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);
- Қолданыстағы жеке куәліктің/тұруға ыхтиярхаттың 2 жағынан түсірілген көшірмесі.  
Қатысушының жеке куәлігінде жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болуы тиіс  
ҚР-да тұруға ыхтиярхатты куәландыратын құжатта шетел азаматының ЖСН көрсетілмеген жағдайда, ЖСН деректері қосымша беріледі;
- Жүлдені жеткізу мекенжайы туралы ақпарат: пошта индексі, облыс, елді мекен, көше, үй, пәтер.

4. Егер Ұйымдастырушы Ережелердің 10.1-т. 2-т. көзделген тәсілмен Қатысушымен байланыса алмаса, Қатысушы Ұйымдастырушыға сұратылған құжаттарды және(немесе) ақпаратты ұсынудан бас тартқан немесе өзге де себептермен бермеген болса, не талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы жіберілмесе немесе құжаттардың жіберілген көшірмелерінің сапасы мұндай құжаттарды сәйкестендіруге мүмкіндік бермесе, онда мұндай Акцияға Қатысушы Кепілді жүлдені алу құқығын жоғалтқан деп есептеледі.

### **10.2. АКЦИЯНЫҢ АПТА САЙЫНҒЫ ЖҮЛДЕСІН АЛУ**

1. Апта сайынғы жүлденің Ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушы Апта сайынғы Жүлдені жеткізуге қажетті ақпаратты анықтау үшін Сайтта тіркелген Қатысушының телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы Жеңімпаздармен хабарласады.

2. Апта сайынғы Жүлдені алу үшін Жеңімпаз Ұйымдастырушының хабарламасын алған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде өзі туралы келесі ақпаратты ұсынуы тиіс ([barni.promo2020.KZ@gmail.com](mailto:barni.promo2020.KZ@gmail.com) электрондық адреске жіберу керек):

- Жеңімпаздың тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);
- Қолданыстағы жеке куәліктің/тұруға ыхтиярхаттың 2 жағынан түсірілген көшірмесі. Қатысушының жеке куәлігінде жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болуы тиіс ҚР-да тұруға ыхтиярхатты куәландыратын құжатта шетел азаматының ЖСН көрсетілмеген жағдайда, ЖСН деректері қосымша беріледі;
- Жүлдені жеткізу мекенжайы туралы ақпарат: пошта индексі, облыс, елдімекен, көше, үй, пәтер.

3. Егер а) Апта сайынғы жүлде Ұтыс ойынын өткізу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде 5 (бес) талпыныс нәтижесі бойынша Ұйымдастырушы Қатысушы берген телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы Жеңімпазбен хабарласа алмаса; б) Жеңімпаз Ұйымдастырушыға сұратылған құжаттарды және(немесе) ақпаратты ұсынудан бас тартса немесе өзге де себептермен бермесе, не талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы жіберілмесе немесе құжаттардың жіберілген көшірмелерінің сапасы мұндай құжаттарды сәйкестендіруге мүмкіндік бермесе, онда осындай Акция Қатысушысы Апта сайынғы Жүлдені алу құқығын жоғалтқан деп есептеледі, және Ұйымдастырушы қосымша үміткерлер тізімінен Жүлдені алатын жаңа Жеңімпазды анықтауға құқылы. Егер Үміткер тізіміндегі бірінші адамды қандай да бір себептермен Жеңімпаз деп анықтау мүмкін болмаған жағдайда Ұйымдастырушы келесі үміткерді жеңімпаз деп таниды және әрі қарай да солай.

### **10.3. АКЦИЯНЫҢ БАС ЖҮЛДЕСІН АЛУ**

1. Бас жүлденің Ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушы Бас Жүлдені жеткізуге қажетті ақпаратты анықтау үшін Сайтта өзі тіркеген телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы Жеңімпазбен хабарласады.

2. Бас Жүлдені алу үшін Жеңімпаз Ұйымдастырушының хабарламасын алған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде өзі туралы келесі ақпаратты ұсынуы тиіс ([barni.promo2020.KZ@gmail.com](mailto:barni.promo2020.KZ@gmail.com) электрондық адресіне жіберу керек):

- Жеңімпаздың тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);
- Қолданыстағы жеке куәліктің/тұруға ыхтиярхаттың 2 жағынан түсірілген көшірмесі. Қатысушының жеке куәлігінде жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болуы тиіс ҚР-да тұруға ыхтиярхатты куәландыратын құжатта шетел азаматының ЖСН көрсетілмеген жағдайда, ЖСН деректері қосымша беріледі;
- Жүлдені жеткізу мекенжайы туралы ақпарат: пошта индексі, облыс, елдімекен, көше, үй, пәтер.

3. Егер а) Бас жүлде Ұтыс ойынын өткізу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде 5 (бес) талпыныс нәтижесі бойынша Ұйымдастырушы өзі берген телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы Жеңімпазбен хабарласа алмаса; б) Жеңімпаз Ұйымдастырушыға сұратылған құжаттарды және(немесе) ақпаратты ұсынудан бас тартса немесе өзге де себептермен бермесе, не талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы жіберілмесе немесе құжаттардың жіберілген көшірмелерінің сапасы мұндай құжаттарды сәйкестендіруге мүмкіндік бермесе, онда осындай Акция Қатысушысы Бас жүлдені алу құқығын жоғалтқан деп есептеледі және Ұйымдастырушы қосымша үміткерлер тізімінен Бас жүлденің жаңа Жеңімпазын анықтауға құқылы. Егер Үміткер тізіміндегі бірінші адамды қандай да бір себептермен Жеңімпаз деп анықтау мүмкін болмаған жағдайда Ұйымдастырушы келесіні Жеңімпаз деп таниды және әрі қарай да солай.

10.4. Ұйымдастырушы және(немесе) Тапсырыс беруші кез келген сәтте Акция Қатысушысынан және (немесе) Жеңімпазынан Акциялық өнімді сатып алғанын растайтын Чектің түпнұсқасын және Бірегей кодты сұратуға құқылы.

10.5. Ұйымдастырушы осы Ережелердің шарттарына сәйкес Қатысушыдан алынған деректердің дұрыстығы расталғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде апта сайынғы, кепілді және бас Жұлдені беруді қамтамасыз етеді.

10.6. Алматы қаласынан басқа ҚР қалаларында тұратын Қатысушыларға кепілді, апта сайынғы, бас жүлделерді жеткізу Ұйымдастырушымен рұқсат етілген курьерлік қызмет күшімен жүзеге асырылады. Жұлделерді жеткізу бойынша барлық шығындар Тапсырыс берушінің есебінен жүзеге асырылады. Кепілді жүлделердің иелері, Алматы қ. тұратын Акция ұтыс ойынының жеңімпаздары жүлделерді Ұйымдастырушының орналасқан орны бойынша өздігінен алады. Жұлдені алу орнына дейін бару жолақысының шығындарын Ұйымдастырушы өтемейді.

10.7. Акция Қатысушысының жүлдені үшінші тұлғаларға беруіне рұқсат етілмейді.

10.8. Жұлдені ақшалай баламаға ауыстыруға, сыйақының өзге де түрлеріне айырбастауға жол берілмейді.

10.9. Ұйымдастырушының жүлделерді тапсыру жөніндегі міндеттемелері тиісті жүлделерді курьерлік қызметке/пошта байланысы операторына жіберу үшін берген сәттен бастап, ал Алматы қаласы бойынша жүлдені Жеңімпазға берген сәттен бастап орындалған деп есептеледі.

10.10. Жұлденің меншік құқығы мен жоғалу, бұзылу, бүліну тәуекелі Жеңімпазға жүлде берілген сәттен бастап ауысады, Акция Жеңімпазы өзіне тиесілі жүлдені өткізуге және пайдалануға байланысты барлық шараларды өздігінен қабылдайды.

10.11. Ұйымдастырушыға қатысы жоқ себептер бойынша Жеңімпаздар жүлдені тапсыру/алу мүмкін болмаған жағдайда, мұндай жүлде талап етілмеген деп танылады да, Тиісті жеңімпаз оны қайтадан талап ете алмайды, Ұйымдастырушы ақшалай және (немесе) өзге де өтемақыны бермейді және жүлдені Акция Тапсырыс берушісі өз қалауы бойынша пайдаланады.

10.12. Акция Қатысушысы қандай да бір өтемақысыз тиісті жүлдені, соның ішінде, ақшалай жүлдені алу құқығын, көрсетілген жағдайлар қай уақытта белгілі болғанына қарамастан, мынадай жағдайларда жоғалтады:

- Акция Қатысушысы оған тиісті Жұлде берілгенге дейін Ережелерді бұзушы деп танылса;
- егер Акция Қатысушысы ауызша немесе жазбаша түрде электрондық байланыс құралдарының көмегімен тиісті жүлдені алудан бас тартатыны туралы мәлімдесе;
- Акция Қатысушысын сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда;
- егер Ұйымдастырушыда және (немесе) Тапсырыс берушіде қатысушының әрекеттерінде алаяқтық белгілері бар деген күдік туындаса;
- Қатысушы осы Ережелердің ережелеріне сәйкес тыйым салынған кез келген іс-әрекеттерді жүзеге асырған болса;
- осы Ережелермен және ҚР заңнамасымен көзделген басқа жағдайларда.

10.13. Акция Қатысушылары талап етпеген барлық Жұлделерді, алудан бас тартқан Жұлделерді Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша пайдаланады. Жұлделерді Қатысушылар қайтадан талап ете алмайды.

10.14. Акция жүлдесін алуға байланысты Жұлде Жеңімпазында туындайтын Қазақстан Республикасының бюджетіне салықтарды төлеу міндеттемесін Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық агенті ретінде жүзеге асырады.

## **11. ШЫҒЫНДАР. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ**

11.1. Ұйымдастырушы да, Тапсырыс беруші де төмендегі жағдайлар үшін жауап бермейді:

- 1) Қатысушылардың Акцияға қатысуға және(немесе) жүлделер алуға байланысты міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы);
- 2) Қатысушылардың Акция Ережелерімен таныспауы, сондай-ақ Акцияның өткізілу нәтижелерімен таныспауы;
- 3) Акцияны өткізу кезінде пайдаланылатын пошта қызметінің, байланыс ұйымдастырушыларының кінәсінен де туындайтын, Интернет және/немесе байланыс арналарындағы техникалық мәселелер және/немесе айлакерлік нәтижесінде болатын Қатысушылардан хат алмау, қоңыраулардың түспеуі және/немесе электрондық хабарламалар алмау;
- 4) Қатысушылардан Жұлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмау (уақтылы алмау);

- 5) Қатысушылардан Акцияны өткізу және оларға Жүлделерді беру мақсатына қажетті толық емес және/немесе қате байланыс және/немесе өзге мәліметтерді, дербес деректерді алу;
- 6) Акция Ұйымдастырушысының кінәсінен туындамаған Интернет-провайдерлерінің, ұялы байланыс операторларының кез келген техникалық ақаулары, кемшіліктері, профилактикалық жұмыстары және тағы басқалары;
- 7) Акцияға қатысуға және(немесе) Жүлдені алуға байланысты Қатысушы шеккен кез келген шығындар және(немесе) залалдар үшін;
- 8) Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайлары туындағанда, соның ішінде төтенше жағдай режимін және/немесе COVID-19-ға байланысты шектеу шараларын, тыйым салуды енгізу жағдайлары.
- 11.2. Акцияның барлық Қатысушылары Акцияға қатысуға байланысты барлық және кез келген шығындарды өз бетінше төлейді (соның ішінде шектеусіз, Интернет желісін пайдалануға байланысты шығындар, Акция туралы кез келген ақпаратты алу, акциялық өнімді сатып алу және т.б.).
- 11.3. Акция Ұйымдастырушысы және (немесе) Тапсырыс берушісі Акция жүлделеріне құқық туралы кез келген дауларға қатысты жауап бермейді. Кез келген жағдайда дауларға қатысты соңғы шешімді Тапсырыс беруші қабылдайды және мұндай шешім шағымдауға жатпайды.
- 11.4. Ұялы телефон нөмірінің, электрондық адресінің, Акциялық өнімнің, фискалды чектің сол немесе басқа тұлғаға тиесілі екені туралы даулар туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы да, Тапсырыс беруші де дауға кіріспейді. Барлық осындай даулар шиеленіс тараптары арасында өз бетімен немесе өз есебінен шешіледі.

## **12. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР**

- 12.1. Қатысушы өзінің дербес деректерін өңдеуге, жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға, алуға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, алып тастауға, жоюға, трансшекаралық беруге келісім береді.
- 12.2. Ережелердің 12.1-тармағында көрсетілген Қатысушының келісімі Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге және Акцияның Техникалық серіктестеріне, сондай-ақ олар уәкілеттік берген тұлғаларға беріледі және оны Қатысушы кез келген уақытта Акция Тапсырыс берушісінің [mdlz.consumer@mdlz.com](mailto:mdlz.consumer@mdlz.com) электрондық адресі бойынша жіберілген хабарламасы арқылы кері қайтарып ала алады.
- Қатысушының берген келісімін қайтарып алу туралы хабарламасын алған жағдайда, Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші, Техникалық серіктестер және (немесе) олардың уәкілеттік еткен тұлғалары дербес деректерді өңдеуді тоқтатады және қайтарып алу туралы хабарлама түскен күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде дербес деректерді жояды. Бұл ретте Қатысушының Акцияға әрі қарай қатысуына рұқсат етілмейді, Қатысушы Жүлде алу құқығынан айырылады.
- 12.3. Қатысушылар Акцияға қатыса отырып, олардың Акцияны өткізу мақсаты үшін өз еріктерімен берген дербес деректерін Ұйымдастырушының, Тапсырыс берушінің және Акцияның Техникалық серіктестерінің, сондай-ақ олардың уәкілетті тұлғаларының деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдануы арқылы өңделетініне Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге және Акцияның Техникалық серіктестеріне өз келісімдерін береді.
- 12.4. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы нақты, өзекті (сенімді) дербес деректерді, оларға тиесілі телефон нөмірлерін, электрондық мекенжайды көрсетуге міндеттенеді.
- 12.5. Акция Қатысушыларының дербес деректері Қазақстан Республикасы заңнамасының, атап айтқанда «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) талаптарына сәйкес, құпиялылық шартымен, өңдеу/сақтау мерзімі шектелмей сақталады және өңделеді.

## **13. ӨЗГЕ ШАРТТАР**

- 13.1. Қатысушы Акцияға қатыса отырып:
- 13.1.1. Акцияның бүкіл өткізілу Ережелерімен және оған қатысу шарттарымен танысқанын және келісетінін растайды.
- 13.1.2. Акцияны, «БАРНИ» сауда белгісін жарнамалау және(немесе) анонстау мақсатында оның суреті бар фотоматериалдарды, оның қатысуымен өткен сұхбатты және өзге материалдарды

Ұйымдастырушының және(немесе) Тапсырыс берушінің пайдалануына келісетінін растайды, бұл ретте Қатысушыға сыйақы төленбейді.

Қатысушы Ұйымдастырушыға осындай материалдарды пайдалану құқығын эфирге беру, көпшілікке көрсету арқылы, сондай-ақ Акция мен оның нәтижелерін, сондай-ақ «БАРНИ» сауда белгісін жұрт алдында жарнамалау және(немесе) ананостау мақсатында өзге жай авторлық құқықтарын береді;

13.1.3. Қатысушыға қатысты материалдарды БАҚ-та, Сайтта, Интернет желісінде орналастырмас бұрын оларды Қатысушының алдын ала келісімінсіз редакциялау құқығын Ұйымдастырушы өзіне қалдырады.

13.2. Акция Ұйымдастырушысы өз қалауы бойынша, Қатысушыларға себебін түсіндірместен және олармен қатынасхат жүргізбестен, Қатысушының деректерді қолдан жасайтынына немесе деректерді қолдан жасаудан пайда табатынына байланысты негізді күдігі бар кез келген тұлғаға қатысты Акция Қатысушыларының кез келген әрекетін жарамсыз деп тануға, сондай-ақ оларды әрі қарай Акцияға қатыстырудан бас тартуға, Жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

13.3. Акцияға қатыса отырып, әрбір Қатысушы өз ұялы телефонының нөміріне, e-mail адресіне SMS-хабарламаларды, жаңалықтарды және басқа да ақпараттық/жарнамалық хабарламаларды (жіберілімдерді) болашақта Тапсырыс берушіден олардың уәкілеттік еткен тұлғаларынан алуға әрекет ету мерзімі бойынша шектеусіз келісім береді.

Қатысушы кез келген сәтте [mdlz.consumer@mdlz.com](mailto:mdlz.consumer@mdlz.com) электрондық адресіне тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, көрсетілген ақпаратты алудан бас тартуға құқылы.

13.4. Осы Ережелерді, кез келген даулы мәселелерді және / немесе осы Ережелерде реттелмеген мәселелерді әртүрлі түсіндіретін жағдайлар туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес соңғы шешімді Тапсырыс беруші қабылдайды.

13.5. Осы Ережелерде қарастырылмаған жағдайлардың бәрінде Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші/Техникалық серіктестер, Акция Қатысушылары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.